

Келісемін:
бөбекжай әліскері 

**«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқығуды
жоспарлау циклотраммасы**

Мектепке дейінгі ұйымы:
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11. – 08.11.2024ж.
Музыка жетекшісі:

«Әділ зан-аспан тіреті»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менін Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Бағаммен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
	«Гүл» ересектер тобы музыка жанрларын анықтауды үйрету				
	«Ай» кіші тобы ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тартып тастайды, қолдың білектерін айналдарады)				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Музыканың адам өміріндегі мәні (ата-аналарға кеңес)				
Өнегелі 15 минут	Бағамыздан мейірімділік туралы сурет салуды немесе оны сипаттайтын бір ертегі ойлап табуды сұраңыз. «Гүл» ересек тобы.				

<p>Сейсенбі: 05.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Біз Отанды сүйеміз» Кіріспе бөлімі: Маршпен жүру. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей. Музыкалық шығарманың мәнгерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты) Ән айту: «Отан – ортақ үйіміз» әні Д. Ботабаев. Қысқа музыкалық фразалар Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүтіруге үйрету арасында тыныс аууды дамыту Билер: «Еркебұлан» Билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл иртелекпен қозғалуға үйрету. Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспапта ойнау: «Полықа» (А. Филиппенко) ағаш қисықтармен ойнату. Ойын: «Сақина салу» ойыншы қолындағы сақинаны бір балаға білдіртпей салу керек, сақина шық деген кезде қолындағы сақина бар баға ұсталып қалмай орнығып тұру керек.</p>
<p>Сейсенбі: 05.11.24. «Шуақ» органы тобы</p>	<p>«Біз Отанды сүйеміз» Кіріспе бөлімі: Маршпен жүру. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Адай» Құрманғазы. Музыкалық шығарманың мәнгерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты) Ән айту: «Отан менің жүрегім» Т. Нұғашыбаев. Қысқа музыкалық фразалар Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүтіруге үйрету арасында тыныс аууды дамыту Билер: «Еркебұлан» Билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл иртелекпен қозғалуға үйрету. Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспапта ойнау: «Полықа» (А. Филиппенко) ағаш қисықтармен ойнату. Ойын: «Сақина салу» ойыншы қолындағы сақинаны бір балаға білдіртпей салу керек, сақина шық деген кезде қолындағы сақина бар баға ұсталып қалмай орнығып тұру керек.</p>
<p>Бейсенбі: 07.11.24. «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Біз Отанды сүйеміз» Кіріспе бөлімі: Балалар маршпен аламыз кіреді. Шенберге тұрады. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Менің Отандым» И. Нұсіпбаев. Музыкалық шығармалардың дыбысталу ерекшеліктерін (Бағу және көңілді әндер) ажырата білуге үйрету. Ән айту: «Отандым» О. Бейдішев. Әнді жеке және топпен айтып үйрену. Қорытынды бөлімі: Музыкалық-ырғақтық қозғалыстыр: «Билейміз» әні: Е. Андрося. Жүреген отыру, аяқтарын қозғау, айналу қимылдарын орындау.</p>
<p>Бейсенбі: 07.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Біз Отанды сүйеміз» Кіріспе бөлімі: Балалар «Сарыарқа» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жағтығуы. Жүріс түрлері/ Марш, жүтіру, қоян, түлкінің/ жүрістерін салу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Барабан» Б. Дәлімбаев. Музыкалық шығарманың соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын</p>

түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімінен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Ән айту: Мәнің Отаным» Ө. Байділдаев, Б. Ысқаков. Әнінің сипатын көңілді айтып жеткізу.

Муз – ырғақты кимыл: «Біз өмірдің түліміз» Б. Физатов, Ә. Дүйсенбіев. Би кимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар сыбызғы аспабымен танысуды жалғастырады.

Ойын: «Шаңырақ» муз. дидактикалық ойын. Әуенге қосылып сөздерін айтып, би кимылдарын жасайды.

Келісемін:
Бобоевқай әліскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:
Жоспардың құрылау кезеңі: 11.11. – 15.11.2024ж.
Музыка жетекшісі:

«Әділетте берік болсаң аяғың таймайды»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Бағаммен жеке жұмыс	«Шуақ» органығы тобы музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді				
	«Гүл» ересектер тобы әнші созып, сөздерін шық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеуді орындайды				
	«Ай» кіші тобы педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылмалық дыбысталуына сәйкес отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады				
Аға-аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Музыканың адам өміріндегі мәні (ата-аналарға кеңес)				
Өнегелі 15 минут	«Күнделіктер ағашы» ойыны. Бұл ойында балаңызбен бірге қағаздан ағаш жасап, оның әрбір парағына жағымды қасиеттер мен күнделіктерді жазып шығаныз. «Шуақ» органығы тобы.				

<p>Сейсенбі: 12.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Егемен ел-Қазақстан» Кіріспе бөлімі: «Жұмыр қалың» күйіне маршрутен жүру. Аманжолу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Қамжай» халық әні өңдеген Н.Менділгішев. Музыкалық шығарманың мәнерлі құрастарын байқауға үйрету (ақырын, қатты) Ән айту: «Балдырған» әні: А.Асанов, сөзі: Р.Арықбаева. Қысқа музыкалық фрагменттер Музыкашын қимылдық сипатына қарай жетіл, ырғақты жүтіруге үйрету. арасында тыныс алу да дамыту. Билер: «Достарым, кел бісейік» (я алтын халық әні, әулетін А. Досмағанбет). Билердің атауларын есте сақтау. Жетіл ырғақпен қонақтауға үйрету. Қорытынды бөлімі: «Қамжай» халық әні. Музыкалық аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) ағаш қасықтамен ойнату. Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» Е.Хасанғалиев. мұғ. Д.О. Балдырдың тегі қимылдау дағдысы дамыды.</p>
<p>Сейсенбі: 12.11.24. «Шуақ» ортаны тобы</p>	<p>«Егемен ел-Қазақстан» Кіріспе бөлімі: «Жұмыр қалың» күйіне маршрутен жүру. Аманжолу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Тәуелсіз елдің ұраны» А.Тұрменов. Музыкалық шығарманың мәнерлі құрастарын байқауға үйрету (ақырын, ояты) Ән айту: «Қазақстан-егемен елі»-Ә.Жолдыбаев. Қысқа музыкалық фрагменттер Музыкашын қимылдық сипатына қарай жетіл, ырғақты жүтіруге үйрету. арасында тыныс алу да дамыту. Билер: «Достарым, кел бісейік» (я алтын халық әні, әулетін А. Досмағанбет). Билердің атауларын есте сақтау. Жетіл ырғақпен қонақтауға үйрету. Қорытынды бөлімі: «Қамжай» халық әні. Музыкалық аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) ағаш қасықтамен ойнату. Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» Е.Хасанғалиев. мұғ. Д.О. Балдырдың тегі қимылдау дағдысы дамыды.</p>
<p>Бейсенбі: 14.11.24. «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Егемен ел-Қазақстан» Кіріспе бөлімі: Балдыр маршрутен адымдап кіреді. Шенберге тұрады. Аманжолу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Топ - топ, балақан» әні: М. Арынбаева. Музыкалық шығармалардың дабыстау ерекшеліктерін (Бау және қонды әндер) ажырата білуге үйрету. Ән айту: «Топ - топ, балақан» әні: М. Арынбаева. Әнді жеке және топпен айтып үйрену. Қорытынды бөлімі: Музыкалық-ырғақтық қонақыстар: «Баба, баба балапан» И.Нүсіпбаева, Ж.Саяқов. Жүресіп отыру дақтарын қонау айналу қимылдарын орындау.</p>
<p>Бейсенбі: 14.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Егемен ел-Қазақстан» Кіріспе бөлімі: Балдыр «Жұмыр қалың» күйімен маршрутен адымдап кіреді. Шенберге тұрады. Қонды аманжолу.</p>

жаттығуы.

Негізгі бөлімі:

Муз – ырғақты кимыл: «Қай аспапта ойнаймын» Т. Сарыбаева, Г. Абдрахманова. Би кимылдарын орындау сипасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.


Музыка тыңдау: «Серуендейміз, демаламыз» М. Красса. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Ән айту: «Домбыра сазы» И. Нүсіпбаев, Х. Тағаров. Әннің сипатын кәмілді айтып жеткізу.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға сыбызғы испабының үнін тыңдау.

Ойын: «Сикырлы сандық» Д.о. ойын арқылы аспаптарды ажырата алу дағдысын қалыптастыру.

Келісемін:
бөбөкжай әдіскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11. – 22.11.2024ж.

Музыка жетекшісі:

«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менін Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуак» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуак» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуак» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуак» 8:30- «Гүл»
Бағамен жеке жұмыс	«Шуак» ортанғы тобы Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңлайды, музыканың сипатын түсінеді				
	«Гүл» ересектер тобы әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды				
	«Ай» кіші тобы педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекемен сөздер мен бұйндарды қосып айтады				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Музыканың адам өміріндегі мәні (ата-аналарға кеңес)				
Өнетегі 15 минут	«Жақсы іс күнтізбесі» Айдың басында бағаланып-бірге «жақсы іс» күнтізбесін жасап,әр күнге бір жақсы іс жазып қойыңыз.Айдың соңында барлық жақсы істерді бірге талқылап,мақтаныз.				

<p>Сейсенбі: 19.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Ертегілер» Кіріспе бөлімі: «Адай» күйімен саппен шенбер бойымен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Мерекелік марш» Б. Дәлденбаев. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету Ән айту: «Көңілді бағалар әні» Б. Дәлденбай. Әуенді таза анық айтуға үйрету, қысқа фразалар арасында тыныс алуды үйрету. Билер: «Андар» биі. Жүшпен би қимылдарын орындау. Жөнлі ырғақпен қозғалуға үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау: Асағаяқ аспабында «Біз өмірдің түліміз» әуенін орындау. Ойын: «Тойыз» К. Қуатбаев, Ж. Смақов. музыкалық қимылдық ойын шартын түсініп ойнауға үйрету.</p>
<p>Сейсенбі: 19.11.24. «Шуақ» органы тобы</p>	<p>«Ертегілер» Кіріспе бөлімі: «Адай» күйімен саппен шенбер бойымен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Әжем айтқан ертегі». Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету Ән айту: «Көңілді бағалар әні» Б. Дәлденбай. Әуенді таза анық айтуға үйрету, қысқа фразалар арасында тыныс алуды үйрету. Билер: «Андар» биі. Жүшпен би қимылдарын орындау. Жөнлі ырғақпен қозғалуға үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау: Асағаяқ аспабында «Біз өмірдің түліміз» әуенін орындау. Ойын: «Тойыз» К. Қуатбаев, Ж. Смақов. музыкалық қимылдық ойын шартын түсініп ойнауға үйрету.</p>
<p>Бейсенбі: 21.11.24. «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Ертегілер» Кіріспе бөлімі: Саппен шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Біз көңілді қуыршақпыз» (Зерек ботақан) Әнінің мағынасын түсіндіру. Бау және көңілді әндерді ажырату. Ән айту: Топпен бірге қосылып айтады. «Ақ қоян» әні. Әнді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру. Қорытынды бөлімі: Музыкалық ырғақты қимылдар: «Қоян қожық» әні: Т. Сарыбаева. Жүрегіп отыру, аяқтарын қозғау, айналу қимылдарын орындау.</p>
<p>Бейсенбі: 21.11.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Ертегілер» Кіріспе бөлімі: Балалар «Адай» күйімен маршпен адымдап кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы. Негізгі бөлімі: Муз – ырғақты қимыл: «Қояндар биі» Ж. Оффенбах. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыка тыңдау: «Ақ қоян» Б. Аманжол. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспабының музыкалық бағла дабысталуын ажырата білуді жетілдіру. Шығарманы соңына дейін тыңдауға дағдыландыру. Ән айту: «Бауырсақ» Ә. Бейсеуов. Әнді созып айтуға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспаптарында ойнау: Сыбызғы аспабының үнін тыңдау. Ойын: «Андардың жүрісін сәл» Андардың жүрістерін сәлп. қимылдарын көрсетеді</p>

Келісемін:

Бөбекжай әліскері

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды

жоспарлау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11. – 29.11.2024ж.

Музыка жетекшісі:

«Жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менін Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Баламен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді				
	«Гүл» ересектер тобы әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әлдерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды				
	«Ай» кіші тобы педагогтің дауыс ырағатына сөздердің созылғынқы дыбыстауына сілкітпей отырып, жекелеген сөздер мен бұлындарды қосып айтады				
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Музыканың адам өміріндегі мәні (ата-аналарға кеңес)				
Өнегелі 15 минут	«Жақсы іс күнтізбесі» Айдың басында баланызбен бірге «жақсы іс» күнтізбесін жасап, әр күнге бір жақсы іс жазып қойыңыз. Айдың соңында барлық жақсы істерді бірге талқылап, мақтаныз.				

<p>Сейсенбі: 26.11.24. «Гүл» ересек тобы</p>	<p>«Ана тілім ардағым» Кіріспе бөлімі: «Ерке сылқым» күйі Ә.Желдібаев. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: Музыканын сипатын сезінуге үйрету. Таныс шығармаларды білу. «Анамның тілі» Ән айту: Балаларды манерлен ән айтуға үйрету. «Ана тілім» А.Досмағамбет. Би:би қимылдарының жаңа элементтерімен танысады. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау «Асық» биі Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспаптарында ойнау: балаларға арналған аспаптармен таныстыру. Сылдырмақта ойнау. Ойын: «Соқыр теке» ойыны. Байқампаздық, есту қабілеттерін дамыту.</p>
<p>Сейсенбі: 26.11.24. «Шуақ» органы тобы</p>	<p>«Ана тілім ардағым» Кіріспе бөлімі: «Ерке сылқым» күйі Ә.Желдібаев. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: Музыканын сипатын сезінуге үйрету. Таныс шығармаларды білу. «Анамның тілі» Ән айту: Балаларды манерлен ән айтуға үйрету. «Ана тілім» А.Досмағамбет. Би:би қимылдарының жаңа элементтерімен танысады. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау «Асық» биі Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспаптарында ойнау: балаларға арналған аспаптармен таныстыру. Сылдырмақта ойнау. Ойын: «Соқыр теке» ойыны. Байқампаздық, есту қабілеттерін дамыту.</p>
<p>Бейсенбі: 28.11.24. «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Ана тілім ардағым» Кіріспе бөлімі: Маршпен адымдап жүру. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Тәтті бала» әні: Т.Сопиев сөзі: С.Оспанов. Музыканы тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Ән айту: «Жалауша» әні: А.Токсанбаев сөзі: И.Сапарбаев. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. Қорытынды бөлімі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Машина» әні: К.Қуатбаев, сөзі: Т.Тұқбаев. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру.</p>
<p>Бейсенбі: 28.11.24 «Гүл» ересек тобы</p>	<p>«Ана тілім ардағым» Кіріспе бөлімі: «Ерке сылқым» күйі Ә.Желдібаев. Амандасу. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдауға баулу. «Біз өмірдің түліміз» Ән айту: Р.Миндия, си диапазонында барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға үйрету. «Топ-топ балекан» Қорытынды бөлімі: Музыкалық-ырғақтық қимыл: Музыкамен жүру, жүгіру, шеңбер бойымен бірінші бірі жүру және шашырап жүруді үйрету. «Күн мен түн» ойын.</p>

Келісемін:
бообекжай әліскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.12. – 06.12.2024ж.
Музыка жетекшісі:

«Бірлік пен ынтымақ басты құндылық»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менін Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Бағаммен жеке жұмыс	«Шуақ» органы тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
	«Гүл» ересектер тобы музыка жанрларын анықтауды үйрету				
	«Ай» кіші тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру. Жаңа жылдық шырышаға арналған костюмдер дайындау.				
Өнерелі 15 минут	Жаңа істер: Бағала жаңа нәрселерді байқап көруге ынталандырыңыз. Жаңа нәрсе жасап көргенде, өзінші қалай сезіндіңіз? деген сұрақ қойыңыз.				

<p>Сейсенбі: 03.12.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Алқай, қыс келді» Кіріспе бөлімі: «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Мерекелік марш» И.Левин. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (Бау, жылдам) Ән айту: «Алпақ қар» К.Қуатбаев. Әуенді таза анық айтуға үйрету. Муз – ырғақты қимыл: «Вальс снежинок» П.И.Чайковский. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Би: «Ұлпикарлар» биі Жүлпен би қимылдарын орындау. Білерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыкалық аспаптарын да ойнау: Асавай аспабымен таныстыру. Ойын: «Шана» Әуенмен қимылдар жасал жүреді, берілген тапсырмаларды орындайды.</p>
<p>Сейсенбі: 03.12.24. «Шуак» ортаңғы тобы</p>	<p>«Алқай, қыс келді» Кіріспе бөлімі: «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы. Негізгі бөлімі: Муз – ырғақты қимыл: «Қай аспапта ойнаймын» Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыка тыңдау: «Шау-шырақтар» А.Матмен. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, барабан, маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: «Қар жауып тұр дағдай» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков. Әнді созып айтуға үйрету. Қорытынды бөлімі: Музыкалық аспаптарын да ойнау: Қонырау аспабының дыбысталуымен танысады. Ойын: «Аққала жасаймыз» Ойын арқылы балалардың шапшаңдық пен ептілік қабілеттері дамиды.</p>
<p>Бейсенбі: 05.12.24 «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Алқай, қыс келді» Кіріспе бөлімі: Шаппен шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: «Алпақ қар»: Әннің мағынасын түсіндіру, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тыңдау. Ән айту: «Ақ қоян» әні. Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру. Қорытынды бөлімі: Музыкалық ырғақты қимылдар: «Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сурмеу.</p>
<p>Бейсенбі: 05.12.24. «Үл» ересек тобы</p>	<p>«Алқай, қыс келді» Кіріспе бөлімі: «Көңіл ашар» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы. Негізгі бөлімі: Муз – ырғақты қимыл: «Қай аспапта ойнаймын» Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p>

Музыка тыңдау: «Шамшырактар» А.Маткен. Музыкалық ойыншыктар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балта, барабан, маракас) дыбысталудың ажырата білуді жетілдіру.

Ән айту: «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ү.Қонысбеков. Әнді созып айтуға үйрету.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық аспаптарында ойнау: Қонғрау аспабының дыбысталудымен танысады.

Ойын: «Аққал жасаймыз» Ойын арқылы балалардың шашпандық пен егтілік қабілеттері дамиды.

Келісемін:

Бәбөкжай әліскері



«Музыка» ұйымастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау пиктограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.12. – 13.12.2024ж.

Музыка жетекшісі:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласын елден ереке» (Абай)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жатығу	8:40- «Әнұран» «Менін Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Бағаммен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
	«Гүл» ересектер тобы музыка жанрларын анықтауды үйрету				
	«Ай» кіші тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
Ата – аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру. Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау.				
Өнегелі 15 минут	«Көк тудың желбіреткені» Тәуелсіздік күніне орай ән айту : «Қарлығаш» тобы «Бағдырғандар әні», «Гүлдер» тобы				

«Нұрын төккен күндейміз» бейнеконтент түсіру.

Сейсенбі: 10.12.24.
«Тұл» ересек тобы

«Отаным, тірегім»

Кіріспе бөлімі: «Адай» күймен сапшап шеңбер бойымен алдыдап жүру. Би элементтерін жасап айнала жүру. Амандау. Дауыс жаттықтыру.

Негізгі бөлімі: Тәуелсіздік тақырыбына арналған видеослайд тамашалау. Еліміз елшімізге бағынбайтын-тәуелсіз мемлекет. Өз рәміздеріміз, ата заңымыз бар. Еліміздің көк туын биік ұстау біздің міндетіміз.

Музыка тыңдау: «Көк тудың желбірегені» Әуен ырғағы бау. Мақтаным сөзімін оятағындай жігерлі, нық орындалып тұр.

Ән айту: «Тәуелсіздік ұраны» Д.Омаров – Әннің ырғағы қандай? -Ән не туралы? Әуенді таза және сөздерді анық айтуға дағдыландыру.

Ырғақты қимыл: «Қазақ маршы» (А.Затасевич) Әуен арқылы марш ырғағымен жүрді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.

Қорытынды бөлім: Ойын: «Тақия тастамақ» сөздерін музыкаға ілесіп бірге айтуға, ойын шартын дұрыс орындауын қалағалау.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Асағаяқ аспабының үнін тыңдау.

Сейсенбі: 10.12.24.

«Шуақ» органы тобы

«Отаным, тірегім»

Кіріспе бөлімі: «Адай» күймен сапшап шеңбер бойымен алдыдап жүру. Би элементтерін жасап айнала жүру.

Амандау. Дауыс жаттықтыру.

Негізгі бөлімі: Тәуелсіздік тақырыбына арналған видеослайд тамашалау. Еліміз елшімізге бағынбайтын-тәуелсіз мемлекет. Өз рәміздеріміз, ата заңымыз бар. Еліміздің көк туын биік ұстау біздің міндетіміз.

Музыка тыңдау: «Көк тудың желбірегені» Әуен ырғағы бау. Мақтаным сөзімін оятағындай жігерлі, нық орындалып тұр.

Ән айту: «Тәуелсіздік ұраны» Д.Омаров – Әннің ырғағы қандай? -Ән не туралы? Әуенді таза және сөздерді анық айтуға дағдыландыру.

Ырғақты қимыл: «Қазақ маршы» (А.Затасевич) Әуен арқылы марш ырғағымен жүрді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.

Қорытынды бөлім: Ойын: «Тақия тастамақ» сөздерін музыкаға ілесіп бірге айтуға, ойын шартын дұрыс орындауын қалағалау.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Асағаяқ аспабының үнін тыңдау.

Бейсенбі: 12.12.24.

«Ай» кіші тобы

«Отаным, тірегім»

Кіріспе бөлімі: Бағалар маршпен адымдап кірді. Шеңберге тұрады. Амандасу.

Негізгі бөлімі:

Музыка тыңдау: «Менін Отаным» И.Нүсіпбаев. Музыкалық шығармалардың дыбысталу ерекшеліктерін (Бау және көңілді әндер) ажырата білуге үйрету.

Ән айту: «Отаным» О.Бәйділдеев. Әнді жеке және топпен айтып үйрену.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Билейміз» әні: Е.Андосов. Жүреліп отыру, аяқтарын қозғау, айналу қимылдарын орындау.

Бейсенбі: 12.12.24.

«Тұл» ересек тобы

«Отаным, тірегім»

Кіріспе бөлімі: «Алдай» күйіне саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру

Негізгі бөлімі:

Музыка тыңдау: «Көк тудың желбірегені» А.Жүнісов. -Әуенді тыңдау. Қорнекіліктермен жұмыстану.

Ән айту: «Отан» А.Асылбек. -Ән не туралы? Сөзін менімен бірге қайталап көріндерші.

Ырғақты қимыл: «Марш» (сылдырмақтармен сүйемелдеу) - Саппен адымдап жүреміз.

Қорытынды бөлімі: Дүо: «Көңілді шарлар» Ойын шартын түсіндіріп игерту. Орындарын ажыратуға дағдыландыру.

Музыкалық аспаптарында ойнау: қонарау аспабының дыбысталуын тыңдау.

Келісемін:
бөбөкжай әдіскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-арекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытулы
жоспарлау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.12. – 20.12.2024ж.

Музыка жетекшісі:

«Ынтымақ түбі - бірлік»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жатығу	8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Баламен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
	«Гүл» ересектер тобы музыка жанрларын анықтауды үйрету				
	«Ай» кіші тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Жана жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру. Жана жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау.				
Өнегелі 15 минут	Жаңа жылға арналған қолөнер жасау. Барлық топтар.				

Сейсенбі:17.12.24.
«Гүл» ересек тобы

«Шырша»
Кіріспе бөлімі: Балалар «Бабырауын» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы.
Негізгі бөлімі:
Мүз – ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» лентанын халық әні, өңдеген Г.Готаленко. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманы (қаржыны мен сипатына сәйкес бір – бірден және жұпке и ырақты қимылдар орындау.
Музыка тыңдау: «Кішкентай шырша» Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспап арының (музыкалық бапта, барабан, маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.
Ән айту: «Шырша» Ж.Мұхамеджанов. Әнді созып айтуға үйрету.
Қорытынды бөлімі:
Музыкалық аспаптардың ойнау: Қоңырау аспабында ойнату.
Ойын: «Шыршаны біз сәндіейміз» Музыка сүйемелдеуімен шыршаны безендіреді.

Сейсенбі:17.12.24.
«Шуак» органы тобы

«Шырша»
Кіріспе бөлімі: «Бабырауын» күйімен кіреді. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.
Негізгі бөлімі:
Музыка тыңдау: «Шыршата бардық» әні. Музыкалық шығарманың мәнерлі құрылдарын байқауға үйрету (сау, жылдам)
Ән айту: «Жаңа жыл келді» Әуенді таза анық айтуға үйрету.
Мүз – ырғақты қимыл: «Кел билейік» Б.Байқатамов, М. Әлімбаев. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.
Билер: «Ақкада» биі. Билерде ойналаты музыкалық қимылдарды қолдану. Казак халқының би өнерімен таныстыру.
Жұппен би қимылдарын орындау. Билерде ойналаты музыкалық қимылдарды қолдану.
Музыкалық аспаптарын да ойнау: Көңілді оркестр. Азатақ аспабында ойнату.
Ойын: «1,2,3 жаңа жыл» тауықшық қимылды ойыны. Би қимылдарын қайталап жасайды.

Бейсенбі:19.12.24.
«Ай» кіші тобы

«Шырша»
Кіріспе бөлімі:Саппен шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.
Негізгі бөлімі:
Музыка тыңдау: «Жасыл шырша» әні: К.Қуатбаев сөзі: К.Шалқиров. қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тыңдау.
Ән айту: «Мерекеге келдік» Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру.
Қорытынды бөлімі:
Музыкалық ырғақты қимылдар: «Робектер биі» әні: К.Қуатбаев. Басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу қимылдарын үйрету.

Бейсенбі:19.12.24.
«Гүл» ересек тобы

«Шырша»
Кіріспе бөлімі: Балалар «Бабырауын» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы.
Негізгі бөлімі:
Мүз – ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» лентанын халық әні, өңдеген Г.Готаленко. Заттар мен және заттарсыз

Музыкалық шығарманың қарыны мен сипатына сәйкес бір-бірімен және жүннен бірге аяқты қымызды орындау.

Музыка тыңдау: «Кішікентай шырша». Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыкалық аспаптарының (музыкалық балта, барбел, чаракес) дәмсіздігін ажырата білуді жетілдіру.

Ән айту: «Шырша» Ж.Мұхамеджанова. Әді соғып айтуға үйрету.

Қорытынды бағамы:

Музыкалық аспаптардың айнау: Қолдау аспабында ойыну.

Ойын: «Шыршаны біз сәлемдейміз» Музыка сүйеміздік ісін шыршаны бейнелейді.

Келісемін:
Бөбекжай әліскері 

**«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым:

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.12. – 27.12.2024ж.

Музыка жетекшісі:

«Ұлттыңа, жұртыңа қызмет қылу- білімінен емес, мінезден» (Әлихан Бөкейханов)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Баламен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
	«Гүл» ересектер тобы музыка жанрларын анықтауды үйрету				
	«Ай» кіші тобы қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Жаңа жылдық кейіпкерлер рөлдерін беру. Жаңа жылдық шыршаға арналған костюмдер дайындау.				
Өнегелі 15 минут	Ойды жеткізу: Балаға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беріңіз. Оның әр айтқанын мұқият тыңдап, пікірін құрметтеңіз. ересек топ ата-аналарына кеңес.				

Сейсенбі: 24.12.24.
«Гүл» ересек тобы

«Аыз ата, Ақшакар»
Кіріспе бөлімі: Н.Тілендиевтің «Әлкиса» күйімен кіреді. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.
Негізгі бөлімі:
Музыка тыңдау: «Зима» П. Чайковский. Әнінің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығарманың мәнерлі құрағдарын байқауға үйрету (баяу, жылдам)
Ән айту: «Қарша қыз» К.Қуатбеє. Әуенді таза анық айтуға үйрету.
Муз – ырғақты қимыл: «Көңілді польса» И.Штраус. Музыкақанын ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.
Би: «Ұлпақарлар» биі. Жүспен би қимылдарын орындау. Билерле ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
Музыкалық аспаптарын да ойнау: Аса аяқ аспабында ойнау.
Ойын: «Бұғы мен қоян» екі ойыншы шығып бұғы мен қоян қимылдарын жасап көрсетеді, балалар кезектесіп ойнайды.

Сейсенбі: 24.12.24
«Шуак» органы тобы

«Аыз ата, Ақшакар»
Кіріспе бөлімі: Н.Тілендиевтің «Әлкиса» күйімен кіреді. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.
Негізгі бөлімі:
Музыка тыңдау: «Аыз ата». Әнінің мазмұнын түсіндіру. Музыкалық шығарманың мәнерлі құрағдарын байқауға үйрету (баяу, жылдам)
Ән айту: «Аққала». Әуенді таза анық айтуға үйрету.
Муз – ырғақты қимыл: «Көңілді польса» И.Штраус. Музыкақанын ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.
Би: «Ұлпақарлар» биі. Жүспен би қимылдарын орындау. Билерле ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
Музыкалық аспаптарын да ойнау: Аса аяқ аспабында ойнау.
Ойын: «Бұғы мен қоян» екі ойыншы шығып бұғы мен қоян қимылдарын жасап көрсетеді, балалар кезектесіп ойнайды.

Бейсенбі: 26.12.24.
«Ай» кіші тобы

«Аыз ата, Ақшакар»
Кіріспе бөлімі: Саппен шенбер бойы ен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.
Негізгі бөлімі:
Музыка тыңдау: Музыкақаны тыңдайды «Алпақ қар» Әнінің мағынасын түсіндіру, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуды тыңдау.
Ән айту: «Аыз ата мен балалар» әні мен сөзі: Г. Абдрахманова. Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру.
Қорытынды бөлімі:
Музыкалық ырғақты қимылдар: «Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сурмеу.

Бейсенбі: 26.12.24.
«Гүл» ересек тобы

«Аыз ата, Ақшакар»
Кіріспе бөлімі: Н.Тілендиевтің «Әлкиса» күйімен кіреді. Шенберге тұрады. Көңілді амандасу жаттығуы.
Негізгі бөлімі:
Муз – ырғақты қимыл: «Қосарлағыл билеу» литваның халық әні. Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынды мен сипатына сәйкес бір – бірден және жүзінен ырғақты қимылдар орындау.

Музыка тыңдау: «Полька» Музыкалық ойыншықтар мен бағалар музыка аспаптарының (Музыкалық балға, барабан, маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Ән айту: «Аяз ата» Ө.Байділдаев, Н.Айтов. Әнді созып атуға үйрету.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық аспаптарында ойнау: Қондырау аспабында ойнау.

Ойын: «Жана жылдык паровоз» музыкалық кимылды ойын.

Келісемін:
Бобекжай әліскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспардау циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым:
Жоспардың құрылу кезеңі: 30-31.12.2024ж.
Музыка жетекшісі:

«Ұлттың жұртына қызмет қылу - білімнен емес, мінезден» (Әлихан Бөкейханов)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Баламен жеке жұмыс	«Шуақ» органығы тобы музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды				
	«Гүл» ересектер тобы музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды аяндамай соңына дейін тыңдайды), таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұнын туралы айтады				
	«Ай» кіші тобы қолыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кенес беру	Ойын арқылы балалардың музыкалық шығармашылықтарын дамыту. (ата-аналарға кенес)				
Өнерелі 15 минут	«Өнерелі 15 минут айдары» бейнеконтент түсіру. Тақырыбы : «Бақытты отбасы» барлық топтар.				

Сейсенбі: 31.12.24.
«Гүл» ересек тобы

«Кош келдин, Жана жыл!»

Кіріспе бөлімі: «Бағбырауын» күймен сапшен шенбер бойымен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.

Негізгі бөлімі:

Музыка тыңдау: «Зима» П. Чайковский. (жалғастыру.) Музыкалық шығарманың манерлі құрағдарын байқауға үйрету (бауу жылдам)

Ән айту: «Жаңа жылды тойлаймыз» Н. Озағбаева. Әуенді таза анық айтуға үйрету.

Муз – ырақты қимыл: «Көңілді полька» И. Штраус. Музыканың ырақтың нақты бере отырылы, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.

Би: «Қондыраулармен би» Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Аса аяқ аспабында ойнау.

Ойын: «Қысқы мүсіндер» ыраққа сай мүсіндер жасайды. Ойлау қабілеттерін арттыру.

Сейсенбі: 31.12.24.

«Шуақ» ортанғы тобы

«Кош келдин, Жана жыл!»

Кіріспе бөлімі: Сапшен шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру.

Негізгі бөлімі:

Музыка тыңдау: «Жасыл шырша» әні: К. Қуатбаев сөзі: К. Шалқаров тыңдауды жалғастыру. Әннің мағынасын түсіндіру, қоныраулардың жогары және төмен дыбысталуын тыңдау.

Ән айту: «Аяз ата мен балалар» әні мән сөзі: Г. Абдрахманова (қайталау) Әуенді интонациямен айту дағдыларын қалыптастыру. Әнді созып айтуға үйрету.

Қорытынды бөлімі:

Музыкалық ырақты қимылдар: «Қаршақыбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға иіе, қолдарды сурмеу.

Ойын : «Аяз атаның қолғабы»

Келісемін:
Бобекжай әліскері 

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау пиктограммасы

Мектепке дейінгі ұйымы:
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.01. - 10.01.2025ж.
Музыка жетекшісі:

«Әділ заң – аспан тірегі»

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Танертенгілік жаттығу	8:40- «Әнұран» «Менің Қазақстаным»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»	8:10- «Ай» 8:20- «Шуақ» 8:30- «Гүл»
Баламен жеке жұмыс	«Шуақ» ортанғы тобы музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді				
	«Гүл» ересектер тобы әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды				
	«Ай» кіші тобы педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылымына дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен бұныларды қосып айтады				
Ата –аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Ойын арқылы балалардың музыкалық шығармашылықтарын дамыту. (ата-аналарға кеңес)				
Өнегелі 15 минут	«Күндылықтар ағашы» ойыны.Бұл ойында баланызбен бірге қағаздан ағаш жасап,оның әрбір парағына жағымды қасиеттер мен күндылықтарды жазып шығыңыз.				

<p>Бейсенбі:09.01.25. «Гүл» ересек тобы</p>	<p>«Көліктер» Кіріспе бөлімі: «Шалкыма» халық күйі. Саппен + шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: Әнді тыңдағанда мазмұнын түсініп тыңдауға дағдыландыру. Дыбыстағуын ажырата білугін жетілдіру. «Біздерде бар қуыршақ» әні. Ән айту: Әнді тоғт ен қосылып ақталады, таза айтуға дағдыландыру. «Төлдер» Ж.Өмірбеква. Қорытынды бөлімі: Ырғақты қимыл: Жүспен би қимылдарын жасап үйренеді, қимылдарды мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту. «Достасамыз» биі. Аспапта ойнау: Маракас аспабында ойнату. Ойын: «Ормандағы аңдар» музыкалық қимыл ойыны. Аңдардың жүрістерін, әуенге сай қимылдарын көрсету.</p>
<p>Бейсенбі:09.01.25. «Ай» кіші тобы</p>	<p>«Көліктер» Кіріспе бөлімі: Саппен шенбер бойымен маршпен жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Негізгі бөлімі: Музыка тыңдау: Фортепиано аспабында тыңдаған шығармадағы кейіпкерлермен таныстыру. «Серуендейміз, дема тамыз» М.Красев. Ән айту: «Серуендейміз» Н.Орабаева. Ырғақты дұрыс жеткізе білуге үйрету. Қорытынды бөлімі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: қимылдарды музыка ырғағына сай жасайды, ойындар мен әндерді сахналау. «Пойыз» ойыны әні: Ж.Тұрсынбаев. Сөзі: А.Асылбек.</p>